

ИССАУИДАҒЫ МАЖАЗ бен ХАҚИҚАТ СЫРЫ

Жаратушыға деген ұлы махаббатты жырлаған Йассауи өзінің Хақты тану жолында естен танып, мәжнүн болғанын «Диуани хикметтің» бірнеше жерінде айтып өтеді. Сондай жолдардың бірінде ақын:

Ғишқ түсті ғаріп жанға тұра алмадым,

Тағат қылыб хақ ішінде жүре алмадым.

Мәжнүн сифат хил-хошын көре алмадым.

Биабанды отан қылыб жүрдім мен –

деп, өзін бетпақдаланы кезіп жүрген Мәжнүнге теңеген. Сондай-ақ, ол: «Қайда барса ғишқ дүкенін сонда көрді, Ләйлі-Мәжнүн бұ дүниенің дәуренін сүрді» деп те жырлаған.

Мұндағы Мәжнүн бейнесі – фәни дүниеде өзінің сүйіктісіне ынтығып өткен тарихи кейіпкер болғанымен де, сопылық әдебиетте өзіне тән мағынаға ие екендігі белгілі. Ғашықтық әдебиеттегі бұл ұғымның мағынасын ашу үшін, әуелі сөз өнеріндегі Мәжнүннің қыр-сырына қанық болмақ керек...

Мәжнүн хақындағы алғашқы хикаялар Ибн Кутейбаның «Китәб уш-шеғр уәш-шұғара» мен Әбу Бәкір әл-Уәлибидің «Диуани Мәжнүн» атты еңбегінде кездесетіндігі белгілі. Парсы әдебиетінде өз орнын тапқан Мәжнүн бейнесі Низамиден кейін Әмір Хұсрау Дехлеуи, Әлішер Науаи, Физули секілді классик ақындар шығармаларының басты кейіпкеріне айналған. Уақыт өткен сайын әдебиеттегі Мәжнүн тұлғасы жұмбақталып, сопылық сипат алып отырғанын жоққа шығаруға болмас. Алғашында араб дүниесінде жырланған бұл дастанда діни элементтер кездеспеген болса, азам халықтарының әдебиетіне келген кезде сопылық дүниетанымның әсеріне ұшырай бастады.

Мәжнүн – Хафиздың ғазалдарында, Санайдың

әрі оның ғашықтық әлемімен тікелей байланысты екендігі белгілі. Құл Қожа Ахметтің:

«Ғаріп, ғашық тариқаттың диуанасы,

Шариғат-дүр ғашықтардың әпсанасы»

деген жолдарынан бұған анық көз жеткіземіз. Тариқатқа кірген жандардың «мәжнүн», «диуана» болғысы келетіндері де сондықтан.

Тасаууф дүниетанымда Ләйлі қыз аты емес, ол бұл дүниеде Ләйлі сипатында көрініс тауып, жұрттың бәрін өзіне Мәжнүндей ынтық ететін Алланың бір көрінісі. Яғни, ойымызды түрік ғалымы Усман Нурий Тупбаштың сөзімен айтар болсақ: «Ләйлі көңілдерді мәжнүн етіп, тойымсыз нәпсіні жоққа шығарған илаһи бір ғашықтықтың көрінісі».

Сөзімізді айғақтай түсу үшін Ләйлі-Мәжнүн дастанының түрік тілінде жазылған нұсқаларын зерттеген Алах Сирри Леуендтің еңбектеріне жүгініп көрейік. Ғалым бұл шығарманы орта ғасырда Әлішер Науидан басқа, Гүлшахри, Ашиқ Паппа және Шахиди деген шайырлардың да жырлағанын алға тартқан. Осылардың ішіндегі XIV ғасырда өмір сүрген Гүлшахри өзінің «Мантәқатут-тайр» («Құстар логикасы») деген туындысында Ләйлі мен Мәжнүннің шынайы ғашықтығы туралы айтып өтеді. Онда ұйықтап жатқан Мәжнүнді оятқанда, ғашықтықтан жынды атанған Ләйліні танымайды. Ол өзін таныстырғанда шайыр:

«Мәжнүн егер жүз болса да мейлі,

Ләйлінің екеу болуы көп қате»

дейді. Осы жолдарды автордың өзі былай түсіндіреді:

«Мәжнүннің қалағаны Мәула еді,

Алайда арадағы бөгет Ләйлі еді».

имандай сенетіндігі белгілі. Парсы ақыны Мәуләуи өзінің «Фих мә фиһ» атты шығармасында осы хадисті былай берген:

«Өлместен бұрын өл деген мынау ей, досым,

Бізге осылайша әмір берді Мұстафа.

Ол: «Бәрің де ажал оғы жетпестен бұрын,

Өлуге дайын болыңдар», – деді (жолма-жол аударма).

Ғашықтың өз нәпсісін өлтіруін – өлместен бұрын өлу дейді. Сондай жағдайға жеткен пенде ғана Хақтың жолына риясыз берілген болып саналады. «Өліңдер, өліңдер, ғашықтықта өліңдер» деп Мәуләуи «өлместен бұрын өлуді» армандаған. Түркі даласынан шыққан Йассауи да Алла жолында жан тапсыруды мақсат етіп алған. Жан тапсыру болғанда Әзірейілдің ажал оғы емес, қайта, жан алушы періште келгенше өзінің ішкі бар сезімімен өлуге дайын болу. Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде шайтани нәпсі үшін жаратылған жылтыран нәрселерден бас тарту – ақынның басты арманы.

Себебі, сопылар түсінігінде бұл өмір тек, өткінші ғана емес, сонымен бірге, пенде мен Алланың арасына тосқауыл болатын үлкен бөгет. Хаққа ғашық адамдар сол бөгеттен асып түсіп, шынайы бақытты о дүниеден іздеуді басты мақсат деп санаған. Шын әулие өзінің шайтани нәпсісін өлтіріп, бар ынта-жігерін Жаратушыға бағыштайды, соның жолында өз құмарынан бас тартуды үлкен күш-қуат санаған. Тариқатқа кірген дәруіштер мен сопылар ақиқатты іздеуде діннің кейбір қағидалары мен шарттарынан бас тартып, өздерінің алдарына жол салып кеткен пірдің, яғни рухани ұстаздың қатаң қағидаларын бұлжытпай орындайтын болған. Ішкі бар нәпсіні өлтіру үшін олар қараңғы хилуетке яғни жертөлеге

«...әснәуінде» ақты іздеген ғарип ретінде бейнесі берді. Ортағасырлық түркі поэзиясында да Мәжнүн – мажнун махаббаттың символына қарағанда, хақиқат әлемінің кемелденген тұлғасы ретінде жырланды. Бұл бейне бертін келе қазақ ақындарының біразына «азық» болды.

Десек те, Ләйлі мен Мәжнүннің арасындағы шынайы махаббатты асқақтата жырлаған Шәкәрім қажы екендігі белгілі. «Арабша «Мәжнүн» деген жынды демек, «Мәжнүн» деп ат қойылды оның үшін» деп ақын өзінің дастанының бас жағында жырлағанындай, «Мәжнүн» арабшадан «жынданған» деп аударылса, сол тілде «Ләйлә» – «түн» деген мағынаға ие. «Қараңғы бөлмеде қара мысықты іздеп табу қиын, егер мысық бөлмеде болмаса, оны іздеп табу тіптен қиын» деп Қытай ойшылы Конфуций айтқандай, бұл атаулардың өзіндік терең философиялық мәнге құрылғанын көреміз.

Осы ойды тасаууфтың белді өкілдерінің бірі – Әбубәкір Шиблидің:

*«Адамдар менің ғашық екенімді білгенімен де,
Ғашығымның кім екенін ешкім де білмейді»*
деген сөздерімен байланыстыруға негіз бар.

Сопылардың түсінігіндегі Мәжнүн – ақиқатты іздеп Хақ жолына түскен адам. Осы дүниетанымда «жынды» болу – әр сопының арманы. Тіпті, түркі даласындағы алғашқы ғашықтардың бірі – Ахмет Йассауи да: «Қырық тоғызда ғишқы түсті күйіп-жандым, Мәжнүн сифат хил-хошидин қашып тандым» деп өзінің қырық тоғыз жастан бастап «жындылық» жолға түскенін айтады. Йассауидің өзін Мәжнүнге теңегені сияқты жыр-жолдарды ортағасырлық сопы ақындардың бәрінен де кездестіру мүмкін. Себебі, Мәжнүн жолы – жүрек арқылы Хақты тану жолы. Баязид Бистами түсінігіндегі Мәжнүн – ғашық адам. Оның пайымдауынша, Жаратқанның шарабы саналатын Алла махаббатынан мас болып, естен танған адам ғана Төңірдің мағрифатын түсіне алады (Мағрифат дегеніміз – сопылық жолға түскендердің шарифат, тариқаттан кейін тұратын үшінші дәрежесі). Мас болмаған адам – ғашық емес.

Араб тіліндегі «Мәжнүн» сөзі парсышаға «Диуана» болып тәржімаланады. Ал Диуананың сопылық әдебиетте негізгі терминдерден саналатындығы

айтылған. Мәжнүн «Ләйлінің екеу болуы көп қате деп, Құрандағы «Ықылас» сүресінің алғашқы жолына сілтеме жасап отыр. Ондағы аятта «Аллаху ахад» деп, Алланың жалғыз екендігі баса айтылған. Бұл Исламның басты ұстыны – таухид ілімі.

Біздің ойымызша, сопылық танымдағы «Ләйлі» бейнесі мұсылманша имани куәліктің қысқарған түрі болуы мүмкін. Себебі «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп күніне бірнеше рет қайталау ақиқатты іздеушілердің негізгі зікірі болған. Бұл тасбихтың өзге зікірлерден айырмашылығы, оның жаһри яғни жария айтылуында жатса керек. Әрі мұсылманның алғаш айтатыны да осы сөз. Сопылар «Лә иләһә иллә Аллаһ» зікірін көп қайталап айта бергендіктен, «Ләйлә» деп ықшамдап алған болса керек. Ахмет Йассауидың:

*«Тілге алып «Лә иләһә иллә Аллаһ»
Ішке салғын әр демде болғын ағаш (хабардар)»,
немесе
«Жан-ділдері нұр салах (иманға тола),
тәспілері «иллә Аллаһ»,
деген жолдарынан біраз жайды аңғарамыз.*

Жүрегінде ғашық оты жанғаннан бері Мәжнүннің кезетін жері – Бетпақдала. Оның жұрттан бөлініп, айдалаға қарай қашуы – бұл фәнидің алдамшы дүниелерінен бас тартып, біржолата ғашықтық әлеміне қадам қойғанынан хабар береді. Ал сопылардың түсінігіндегі Бетпақдала – шексіз махаббаттың нышаны. Йассауидың: «Мәжнүн болған соң, бетпақдаланы отан еттім» деп жырлауы да осыған саяды. Олардың түсінігінде Мәжнүннің қалағаны Ләйлі емес, қайта төңірлік махаббатты кемелдендіру жолындағы бір себеп қана. Бұл сопылық әдебиетте мазхар деп аталатындығы белгілі. Ақиқатты іздеушілер мазхарға ғашық болу арқылы шынайы махаббатқа кенеледі. Ал, ғашықтық дегеніміз – Аллаға жету, оны түсіну құралы.

*«Маламатты басқа алып жаны бірлән,
Ғашықтары өлмес бұрын өледі екен»* деген Түркістанның пірі: «Өлмес бұрын жанаңшылығының заһарын тарттым» деп, өзінің де өлмей тұрып, өлуге ден қойғанын айтады. Хақ жолға түскен дәруіштер Мұхаммед Пайғамбардың: «Муту қәблә тамуту» яғни «Өлместен бұрын өліндер» деп өсиет еткеніне

на пайғамбарымыздың өсиеттері себеп болған. Нәпсіні өлтіру туралы Алла елшісі бір соғыстан келгенінде қасындағы жарандарына қарата «Біз кіші жиһадтан (Алла үшін жасалатын қасиетті соғыс) келдік, енді үлкен жиһадқа барамыз» деген екен. Мұндағы Пайғамбардың «үлкен жиһад» деп отырғаны, жау қамалы не дұшпан дарбазасын күшпен алу, өзгеге қарата қылыш сермеп, қан шығару емес, қайта, адамзат баласының басты қарсыласы – нәпсімен күресу. Өзгеге қарата тас атқаннан, іштегі нәпсіні өлтіру анағұрлым қиын өрі ауыр. Қазақтың «Шын батыр – қарсыласын жеңген адам емес, ашуы келгенде өзін ұстай білген батыр» деп босқа айтпаса керек.

Расында, ішкі нәпсінің құлы болмай, оған қарсы шыға білу – екінші бірінің қолынан келмейді. Сопылар белгілі бір дәрежеге жету үшін өз құмарын өлтіретін болған. Көз, қол, аяқ секілді дене мүшелерінен болатын күнәлі істерден бас тарту. Тіпті, ұстаздың айтқанына шығудың өзі де олар үшін үлкен айып саналған. Ақиқат жолында кездесетін осындай кедергілер мен бөгеттерді жеңген пенде ғана, шынайы Хақ жамалын көре алады. Бар ғұмырын осыған арнаған Йассаудың армандағаны да сол. Фана дәрежесіне жетіп, Алламен қауышуды қалаған ақынның өз кезегінде дүниенің кейбір жылтырақ нәрселері тұрмақ, бала-шаға, әйел-отбасынан бас тартып, қара түнекке кіріп, сол жерден пана іздеуінің астарында осындай үлкен мән бар. Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде жанұяның жылылығын төрк етудің дұрыс еместігі ашып айтылғанына қарамастан, ақын осындай діндарлыққа барған. Мұндай ерлікке бару – шынайы ғашықтардың қолынан келеді. «Ғашықтар өлмес бұрын өледі екен» деп жырлаған ақын, өзінен кейінгі шәкірттері мен мүридтеріне өсиет қалдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге, алғашқылардың бірі болып осы қағиданы өзі қатаң сақтады.

Төрәлі ҚЫДЫР
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығыстану факультеті,
Түрксой кафедрасы
доцент, ф.ғ.к.
Түркітанушы